

**Шымкент қаласы білім басқармасының
«Политехникалық колледжі» МКҚК
жатақхана қызметкерлер жиналысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «03» 08 2024ж.

Өткізілген орны: жатақхана акт залы

Қатысқандар: жатақхана меңгерушісі мен қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.
2. Жұмыс барысында туындылайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі шараларды үйлестіру.
3. Жатақхана қызметкерлерінің студенттерімен және олардың ата – аналарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету.
4. Өзге де туындаған мәселелерді қарастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1 – мәселе бойынша: Актаева К.А. – жатақхана меңгерушісі:

Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңның негізгі талаптарына тоқталып, жатақхана қызметкерлерінің аталған заң аясында әрекет етуі маңызды екенін атап өтті. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамсыз ету туралы айтты. Қызметкерлер отырысында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңның талаптарын, сондай – ақ жатақхананың ішкі нормативтік құжаттарын, оның ішінде корпоративтік Әдеп кодексін сақтау мәселелері қаралды.

Жатақхана меңгерушісі тарапынан барлық қызметкерлер қызметтік міндеттерін орындау барысында заңдылықты, адалдықты, әдептілікті қағидаттарын ұстанудың маңыздылығы ескертілді. Әр қызметкер сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілік танытып, ықтимал құқық бұзушылықтарға жол бермеуі тиіс.

2 – мәселе бойынша: Сарсенбаева Б.А. - жатақхана тәрбиешісі:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында тәуекелдерді төмендетуге бағытталған кешенді шараларды ұйымдастырудың маңыздылығы атап өтілді.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау бойынша тұрақты бақылау жүргізу ;
- Ата – аналармен байланыс жүйелі түрде болуы – тәрбиелі жұмыстың маңызды рөлі ретінде белгіленді.
- Жастар арасында жағымсыз мінез – құлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру қажет.

3 – мәселе бойынша: Ракулова А.Е. - жатақхана тәрбиешісі:

Жатақхана ішінде ішкі мәдени ортаны нығайту үшін бірлескен жоспар жасау; ұжымдық іс – шаралар ұсынылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жиі өткізілуін бақылау. Студенттер тарапынан айтылған бірқатар ұсыныстарды жеткізіп, талқыланды.


ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:


1. Жатақхана қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Әдеп кодексін қатаң сақтауын қамтамасыз ету;
2. Жұмыс барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөнінде шаралар үйлестіру;
3. Қызметтік міндеттерді орындау барысында ашықтық, заңдылық және адалдық қағидаттарын ұстану бойынша талаптар күшейтілсін.
4. Ата – аналармен кері байланысты жолға қою, тәрбиелік іс – шараларды бірлесе атқару, студенттердің әлеуметтік – психологиялық жағдайларын бақылауда ұстау.

Жатақхана меңгерушісі :

Хатшы:





(жатақхана тәрбиешісі):

 **Актаева К.А.**

 **Райкулова А.Е.**



Жатақхана қызметкерлерінің жиналысының
№ 2 хаттамасының қаулысымен танысқындығы туралы

№	Жатақхана қызметкерлерінің аты – жөні:	Танысқандығы туралы белгі
1.	Алимкулов Аптикалик	
2.	Жумабекова Равига	
3.	Куатова Калия	
4.	Муталханова Зульфия	
5.	Райкулова Айгерим	
6.	Сарсенбаева Бахтыгул	
7.	Стамкулова Нурбиби	
8.	Тансық Рахима	